



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

3-деңгейлі СМЖ құжаты

2015 жылғы « 18 » 09
№ 1 басылым

ӘҰ 029-02.24-02.6.02-
2015

**ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

ӘҰ 029-02.24-02.6.02-2015

Алматы 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1 Әлеуметтік жұмыстар басқармасының еңбекті қорғау бөлімінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Еңбекті қорғау бөлімінің бастығы
« ____ » _____ 2015 ж.



С.Омарғалиев

2 КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректор
« ____ » _____ 2015 ж



С. Жүсіпбеков

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор
« ____ » _____ 2015 ж

Қ. Мұқанов

Ішкі аудит департаментінің директоры
« ____ » _____ 2015 ж



Б. Келенова

Әлеуметтік жұмыс басқармасының бастығы
« ____ » _____ 2015 ж.




Б. Нағасбекова

Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы
« ____ » _____ 2015 ж



М. Мұнара

СМК үйлестіру бөлімінің бастығы
« ____ » _____ 2015 ж.



А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы
« ____ » _____ 2015 ж.



Б.Туткина

3 2015 жылғы « 18 » 09 № 68 бұйрықпен **БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Еңбекті қорғау жөніндегі қызметкерлердің құқықтары мен кепілдемелері	5
3. Еңбек ұжымының еңбекті қорғау саласындағы өкілеттігі	5
4. Еңбекті қорғауға қоғамдық бақылау	
5. Еңбекті қорғау талаптарын сақтау жөніндегі жұмыс берушінің міндеттері	7
6. Ауыр жұмыс, зиянды және қауіпті еңбек жағдайы үшін берілетін жеңілдіктер мен етемақы, оларды беру тәртібі	8
7. Әйелдердің және басқа да отбасы бар адамдардың еңбегін қорғау ерекшеліктері	8
8. Қ.И.Сәтбаев ат.Қаз ҰТЗУ- де еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың жалпы принциптері	9
9. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі туралы нұсқаулық, жүргізу тәртібі және құжаттарды рәсімдеу	9
10. Қызметкерлерді санитариялық - тұрмыстық қамтамасыз ету. санитариялық - тұрмыстық бөлмелерді жабдықтау, оларды орналастыру	11
11. Еңбекті қорғау жөнінде оқуды ұйымдастыру, нұсқаулықтан өткізу және білімдерін тексеру	11
12. Жұмыс орындарын аттестациялау	12
13. ЖОО қолданыстағы еңбекті қорғау талаптарын сақтау жөніндегі қызметкерлердің міндеттері	
14. Жазатайым оқиға және кәсіби ауру туралы түсінік. Жазатайым оқиғаны рәсімдеу және есепке алу тәртібі	13
15. Электр қондырғыларды қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыруға қойылатын талаптар	14
16. Жазатайым оқиғаны тексеру тәртібі. Жазатайым оқиғаны тексеру және рәсімдеу	15
17. Қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қызметкердің денсаулығына келтірілген зиянды, кәсіби ауруды немесе басқа да ақауларды жұмыс берушінің қалпына келтіру тәртібі	16
18. Университет ғимаратындағы бөлмелерді тексеру тәртібі және жиілігі	16
19. Қызметкерлерді арнайы киіммен қамтамасыз ету тәртібі	17
20. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік талаптары. Жұмыс орнындағы қауіпті және зиянды факторлар, олардан қорғану шаралары	17
21. Жаңа объектіні, зертхананы пайдалануға қабылдау тәртібі	18
22. Электр тогы соққан кезде алғашқы көмек көрсету	19
23. Реанимациялық шаралар әдістері	19
24. Күю кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету	20
25. Жарақаттану кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету	20
26. Үсу кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету	21
27. Соғылу кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету	21
28. Улану кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету	22
29. Химиялық күю кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету	22
30. Сүйек сыну кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету	23
31. Өрт кезіндегі басшылардың іс-әрекеті	23
32. Жазатайым оқиға кезіндегі басшылардың іс-әрекеті	24
33. Өзгертулердің тіркес парағы	25

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы әдістемелік ұсыныста еңбекті қорғау, білім беру процессінің қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету, құралдар мен техникада өртүрлі жұмыс түрлерін жүргізу және дайындау жөніндегі жетекші құжаттардың негізгі талаптары көрсетілген.

1.2 Әдістемелік ұсыныс құрылымдық бөлімшелер мен қызметтер басшыларына, университет оқытушылары мен қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 306 бабының талаптарына сәйкес еңбекті қорғау жөніндегі білімдерін тексеруге дайындалу кезінде пайдалануға арналған.

1.3 Әдістемелік ұсынысты Қ.И.Сәтбаев ат.Қаз ҰТЗУ еңбекті қорғау бөлімі дайындаған.

1.4 Еңбекті қорғау жөніндегі негізгі заңды актілерге Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің, Қазақстан Республикасындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау Заңының сәйкес нормалары жатады.

1.5 Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі қызметкерлердің еңбекті қорғау құқығын іске асыруға кепілдік береді және жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбекті қорғау саласын реттейтін бірыңғай тәртіпті анықтайды.

1.6 Қ.И.Сәтбаев ат.Қаз ҰТЗУ қызметкері мен университет басшысы арасындағы еңбек қатынасы және ұжымдық шартта қарастырылған.

1.7 Еңбек келісім шарты – жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы жазбаша келісім, қызметкер белгілі бір жұмысты атқаруды, ішкі тәртіп ережелерін сақтауды өз міндетіне алады, ал жұмыс беруші қызметкерге шартты еңбек қызметі бойынша жұмыс беруге, Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, уақытында және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді.

1.8 Ұжымдық келісім шарт – мекемедегі әлеуметтік-қызметтік қатынасты реттейтін жұмыс беруші мен ұжым қызметкерлері арасындағы жазбаша келісім түріндегі құқықтық акт.

1.9 Еңбекті қорғау басқармасының жетекші және негізгі қызметі еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру-техникалық шараларды жоспарлау болып табылады. Еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты жоспарлау ағымдық (жылдық) және оперативті (тоқсандық, айлық, онкүндік) болып бөлінеді.

1.10 Бұл жоспарларды іске асыру еңбекті қорғау жөніндегі келісімге қосылған, ұжымдық келісімнің бөлінбейтін бөлімі болып табылатын еңбекті қорғау жөніндегі номенклатуралық жылдық жоспар арқылы жүргізіледі.

1.11 Ағымдық жоспар еңбек жағдайы бойынша жұмыс орнын аттестациялау нәтижесін есепке ала отырып, өндірістік жарақаттану, жалпы және кәсіптік аурулар себептеріне талдау жасау, кәсіпорын (мекеме) қызметкерлерінің ұсыныстарын, Мемлекеттік бақылау органы мен кәсіподақ комитетінің ұсыныстары негізінде жасалады.

1.12 Еңбекті қорғау жұмысының оперативті жоспары мемлекеттік, ведомстволық және қоғамдық бақылау кезінде анықталған кемшіліктерді жылдам жою үшін дайындалады.

2 Қызметкерлердің еңбекті қорғау жөніндегі құқытары мен кепілдемелері

2.1. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласын мемлекеттік басқару, қадағалау және бақылауды Қазақстан Республикасы Үкіметі, еңбек жөніндегі өкілетті мемлекеттік орган және өз құзыретіне қарай басқа да мемлекеттік өкілетті орган жүзеге асырады.

2.2. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 314 бабына сәйкес әр қызметкер құқылы:

- еңбекті қорғау талаптарына сай жұмыс орнына,
- еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ еңбек, ұжымдық келісім шарт талаптарына сәйкес санитариялық-тұрмыстық бөлмемен, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге,
- жұмыс берушіден немесе мемлекеттік және қоғамдық органдардан жұмыс орнындағы еңбек жағдайы және еңбекті қорғау, денсаулыққа зиян келтіретін қатер туралы, сондай-ақ зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың қорғану шаралары туралы дәлелді мәліметтер алуға,
- өз өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда осы қауіп толық жойылғанша жұмыс атқарудан бас тартуға,
- жұмыс берушінің есебінен қауіпсіз еңбек әдістері мен тәсілдерін үйренуге,
- Қазақстан Республикасы заңнамасымен тағайындалған тәртіппен қызметтік міндеттерін қауіпсіз атқаруға қажетті білім алуға және кәсіптік дайындықтан өтуге,
- мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына өз жұмыс орнында еңбекті қорғау және еңбек жағдайын, еңбек туралы заң талаптарының сақталуына тексеру жүргізу туралы сұраныс беруге,
- мемлекеттік биліктің сәйкес органдарына, кәсіподаққа еңбекті қорғау мәселесі бойынша сұрақтар беруге,
- өзімен болған жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауруларды тексеруге қатысуға,
- жұмыс орнын және орташа жалақысын сақтай отырып медициналық кеңестерге сәйкес кезектен тыс медициналық тексеруден өтуге,
- егер ол ауыр және зиянды, және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істесе заңмен, ұжымдық келісім шартпен тағайындалған өтемақы алуға құқылы.

2.3. Мемлекет жұмыс берушімен еңбек шарты бойынша еңбек процессіне қатысатын қызметкердің еңбекті қорғау құқығына кепілдік береді.

2.4. Қызметкердің еңбек шартында көрсетілмеген жұмысты атқарудан бас тартуы қандай да бір негізсіз зардаптарға әкелмейді.

2.5. Белгіленген тәртіп бойынша еңбекті қорғау нормасы, инструктаждан, білімін тексеруден және оқудан өтпеген адамдарды жұмысқа жіберуге **тыйым салынады.**

3 Еңбекті қорғау саласындағы еңбек ұжымының өкілеттігі.

3.1 Ұжымдық келісім шарт жасаушылар қызметкерлер мен жұмыс беруші. Қызметкерлердің мүддесін мекеменің бастапқы кәсіподақ ұйымы қорғайды (еңбек ұжымының өкілетті өкілі ретінде), жұмыс беруші – университет басшысы.

Кәсіподақ ұйымы ұжымдық келісім шартты қызметкерлердің кепілдіктері мен әлеуметтік-еңбек құқықтары деңгейін көтеретін құрал ретінде пайдаланады және заң мүмкіндіктері аясында кәсіподақ мүшелерінің еңбек ету кезеңінде өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін еңбек жағдайына құқығы мен мүддесін қорғауды жүзеге асырады.

3.2. Ұжымдық келісім шартта екі жақ нормативтік актіге сүйенеді, актіні қабылдау кезінде жұмыс беруші кәсіподақ ұйымының пікірімен санасады немесе онымен келісіп шешім қабылдайды.

3.3. Бірлескен жұмыстың маңызды бағыттары болып табылады:

- еңбекті қорғау жөніндегі бірлескен комиссия ұйымдастырып, жүргізеді,
- әкімшілік-қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу,
- жұмыс орнын аттестациялауды ұйымдастыру және жүргізу,
- әкімшілік пен кәсіподақ ұйымының бірлескен мәжілісінде еңбекті қорғау жөніндегі атқарылған шаралардың нәтижесін талқылау.

4 Еңбекті қорғауға қоғамдық бақылау

4.1. Еңбекті қорғау басқармасы жүйесіндегі қоғамдық бақылау жұмыс орнындағы еңбек жағдайы мен қауіпсіздігін кәсіподақ ұйымы бақылауының бір түрі болып табылады, сондай-ақ барлық лауазымды адамдар мен қызметкерлердің еңбек заңнамасы талаптарын, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулар мен басқа да нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауын бақылау. Қоғамдық бақылау лауазымдық міндеттеріне сәйкес басшылар мен университеттің инженерлік-техникалық қызметкерлерінің әкімшілік бақылау жасауын жоққа шығармайды.

4.2. Кәсіподақ құқылы:

- жұмыс берушінің еңбекті қорғау туралы заңнаманы және басқа да нормативтік актілерді сақтауына бақылау жасауға,
- еңбек жағдайына тәуелсіз сараптама жасауға және кәсіпорын қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге,
- өндірістегі жазатайым оқиғаны және кәсіптік ауруларды тексеруге қатысуға,
- басшылықтан еңбек жағдайы және еңбекті қорғау, сондай-ақ өндірісте тіркеуге жататын барлық жазатайым оқиғалар туралы мәлімет алуға,
- қызметкердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда жұмысты тоқтатуды талап етуге,
- Ұжымдық келісім шарт немесе келісімде қарастырылған еңбекті қорғау жағдайына тексеру жүргізуге,
- еңбекті қорғау туралы заңнама талаптары бұзылғаны анықталса, оны жою туралы жұмыс берушіге ұсыныс жасауға,
- өндірістік объектілерді пайдалануға қабылдайтын және сынақтан өткізетін комиссия жұмысына қатысуға,
- еңбекті қорғау туралы нормативтік актілер дайындауға және келісімдер жасауға қатысуға,
- еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік талаптарды бұзған, өндірісте болған жазатайым оқиға фактісін жасырған кінәлы лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту туралы сәйкес органдарға талап қоюға,
- еңбекті қорғау туралы заң талаптары бұзылуы, ұжымдық келісім шарт немесе еңбекті қорғау жөніндегі келісіммен тағайындалған еңбек жағдайы өзгеруіне байланысты туындаған еңбек дауын қарауға қатысуға құқылы.

5 Еңбекті қорғау талаптарын сақтау бойынша жұмыс берушінің міндеттері.

5.1 Жұмыс беруші қамтамасыз етуге міндетті:

- өндірістік ғимараттарды, бөлмелерді, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздікті, технологиялық процесстер және өндірісте қолданылатын шикізат пен

материалдар қауіпсіздігін, сонымен қатар ұжымдық және жеке қорғаныш құралдарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге,

- еңбекті қорғау туралы заң талаптарына сәйкес әрбір жұмыс орнында еңбек жағдайын қамтамасыз етуге,

- қызметкерге емдеу-профилактикалық және санитариялық-тұрмыстық қызмет көрсетуді өз дәрежесінде ұйымдастыруды қамтамасыз етуге,

- заңнамада бекітілген еңбек және демалыс тәртібін қамтамасыз етуге,

- зиянды немесе қауіпті еңбек жағдайында, сондай-ақ ластану мүмкіндігі бар жерде жұмыс істейтін қызметкерлерге бекітілген нормаға сәйкес жуу және зарарсыздандыру заттарын, арнайы киім, аяқ киім және басқа да жеке қорғаныш заттарын беруді,

- қызметкердің денсаулығына зиянды немесе қауіпті өндірістік факторлардың әсер ету деңгейіне тиімді бақылауды қамтамасыз етуге,

- қызметтік міндеттерін орындау барысында қызметкердің денсаулығына тигізген зиянды, зақымдануды, кәсіптік ауруларды немесе басқа да залалдардың орнын толтыруды қамтамасыз етуге,

- қызметкерлерді оқытуды, нұсқаулықпен таныстыруды және еңбекті қорғау жөніндегі норма, ереже және нұсқаулық бойынша білімін тексеруді қамтамасыз етуге,

- белгіленген тәртіппен еңбекті қорғау жөніндегі оқудан және инструктаждан, тәжірибеден өтпеген, еңбекті қорғау талаптары бойынша білімі тексерілмеген, сондай-ақ міндетті алдын ала (жұмысқа кірген кезде) және кезеңдік (қызмет барысында) медициналық тексеруден өтпеген адамдарды жұмысқа жібермеуге,

- қызметкерлерге жұмыс орнындағы еңбек жағдайы туралы, денсаулыққа зиян тигізетін қатер туралы және қызметкерге берілуі тиіс жеке қорғаныш заттары, өтемақы, жеңілдіктер туралы мәлімет беруді қамтамасыз етуге,

- мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары мен қоғамдық бақылау өкілдерін өндірістегі еңбекті қорғау және еңбек жағдайына, еңбекті қорғау жөніндегі заңнама талаптарының сақталуына тексеру жүргізу үшін, сондай-ақ өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды тексеру үшін кедергісіз жіберуді қамтамасыз етуге,

- еңбекті қорғау туралы заңнаманы, еңбек гигиенасы және қауіпсіздігі туралы нормативтік актілерді бұзғаны үшін мемлекеттік қадағалау және бақылау органы салған айыппұлды дер кезінде төлеуді қамтамасыз етуге,

- апатты жағдай туындаған кезде қызметкердің өмірі мен денсаулығын сақтауға қажетті шараларды, оның ішінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету шараларын қамтамасыз етуге,

- қадағалау және бақылау органына кәсіпорындағы (мекеме) еңбекті қорғау және еңбек жағдайы туралы қажетті мәліметті беруді, олардың ұйғарымдарын орындауға, сондай-ақ тіркеуге жататын барлық жазатайым оқиғалар мен қызметкердің денсаулық бұзылыстары туралы мәлімет беруді қамтамасыз етуге,

- арудың әсерінен, уақытша еңбекке жарамсыздықтан, сонымен қатар өндірістегі жазатайым оқиғадан және және кәсіптік аурудан қызметкерлерді міндетті сақтандыруды қамтамасыз етуге міндетті.

6 Ауыр, зиянды және қауіпті еңбек жағдайы үшін берілетін өтемақы мен жеңілдіктер, оларды беру тәртібі.

6.1 Ауыр, зиянды және қауіпті еңбек жағдайы үшін қосымша жеңілдіктер мен өтемақы берілуі тиіс.

6.2 ҚР ЕК 19 тарауына сәйкес ауыр жұмыс атқаратын қызметкерлер үшін мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен көтермелеу, қосымша және үстеме ақы тағайындалған (ҚР Үкіметінің 29.12.2007 ж. №1400 Қаулысына 19 қосымша).

6.3 ҚР ЕК 202 және 203 бабына сәйкес ҚР халықты әлеуметтік қорғау және еңбек Министрінің мін.атқарушының бұйрықтары шыққан:

- 31.07.2007 ж. №182-п «Жұмысы қысқартылған жұмыс уақыты мен жыл сайын ақы төленетін қосымша еңбек демалысына құқық беретін ауыр, зиянды және қауіпті еңбек жағдайы тізбесін, өндірістер, цехтар, кәсіптер мен лауазымдар тізімін бекіту туралы»

- 31.07.2007 ж. №184-п «Жұмыс берушінің есебінен қызметкерлерге сүт және емдеу-профилактикалық тағамдар беру нормасы мен ережесін, жұмыс берушінің есебінен қызметкерді арнайы киіммен, аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық бөлме және құралдармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы»

6.4 Жеңілдіктер мен өтемақы қызметкерлерге жұмыс орнын аттестациядан өткізу нәтижесі бойынша ғана беріледі (аттестация нәтижесі бойынша анықталған еңбек жағдайына байланысты), аттестация нәтижесі комиссия мен қаралып, университет басшысының бұйрығымен бекітілуі тиіс. Бұйрық бойынша келесі жеңілдіктер мен өтемақы қарастырылған:

- қысқартылған жұмыс аптасы (аптасына 36 сағаттан аспайтын)
- жыл сайын ақы төленетін қосымша демалыстың ең төменгі ұзақтығы
- еңбек ақы төлеудің ең төменгі мөлшері

7 Әйелдер мен отбасы міндеттемелері бар басқа да адамдардың еңбегін қорғау ерекшеліктері.

7.1 Әйелдердің еңбегін ауыр, зиянды (аса зиянды) және қауіпті еңбек жағдайында пайдалануға тыйым салынады. Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынған ауыр және зиянды еңбек жағдайымен жұмыс тізімі заңнамада тағайындалған тәртіппен бекітіледі.

7.2 ЕК біраз баптарына әйелдердің еңбегін түнгі мезгілде жұмыста шектеу қарастырылған, әйелдерді мерзімнен тыс жұмысқа және демалыс күндері жұмысқа шақыру шектелген, 3 жасқа дейін баласы бар әйелдер мен жүкті әйелдерді іс-сапарға жіберуге рұқсат етілмейді. 3 жастан 14 жасқа дейін баласы бар әйелдер мерзімнен тыс жұмысқа немесе іс-сапарға өздерінің келісімінсіз жіберілмейді. Жүкті әйелдер медициналық қорытындыға сәйкес бұрынғы жұмысында орташа жалақысы сақталып өндірістің қолайсыз факторлары әсер етпейтін жеңіл жұмысқа ауыса алады.

7.3 Жұмысқа 16 жасқа толмаған адамдарды алуға жол берілмейді. Кей жағдайларда кәсіподақ ұйымының келісімімен 15 жасқа толған адамдарды жұмысқа алуға болады.

7.4 18 жастан кіші барлық адамдар жұмысқа тек алдын ала медициналық тексеруден өткен соң ғана қабылданады, ары қарай (18 жасқа дейін) олар атқарып жүрген жұмысына жарамды екенін растау мақсатында жыл сайын медициналық тексеруден өтуі тиіс, ал қолайсыз еңбек жағдайында жұмыс атқарып жүрсе жыл сайынғы медициналық тексеруден 21 жасқа дейін етеді.

8 Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастырудың жалпы принциптері

8.1 ЕК 339 бабына сәйкес қызметкерлердің саны 50 асатын өндірістік мекемелерде жұмыс беруші еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарын сақтауға ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатымен еңбекті қорғау және қауіпсіздік қызметін құруы тиіс.

8.2 Еңбекті қорғау қызметі (бөлімі) туралы Ереже дайындалады. Еңбекті қорғау бойынша барлық жұмыс «Еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыру Ережесіне» сәйкес жүргізіледі, Ережеде университеттің барлық лауазымды тұлғаларының еңбекті қорғау бойынша міндеттері анықталған.

Университет басшысының бастамасымен (жауапты басшы) еңбекті қорғау бойынша комиссия құрылады. Оның құрамына университет басшылығының өкілдері және кәсіподақ ұйымының өкілі кіреді. Еңбекті қорғау жөніндегі комиссия еңбекті қорғау, жарақаттануды және кәсіптік ауруды болдырмау талаптарын қамтамасыз ету жөнінде бірлескен іс-әрекетті ұйымдастырады, сонымен қатар жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және еңбек жағдайына тексеру жүргізеді, тексеру нәтижесі туралы қызметкерлерге мәлімдейді, Ұжымдық келісім шарттың еңбекті қорғау бөліміне ұсыныстар жинауды ұйымдастырады.

9 Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша инструктаж, өткізу тәртібі және құжаттарды рәсімдеу

Жұмысқа қабылданған адамдар міндетті түрде еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселесі бойынша инструктаждан өтеді. Дер кезінде және сапалы оқытуды ұйымдастыруға және жалпы университет бойынша білімдерін тексеруді ұйымдастыруға жауапкершілік жауапты басшыға жүктеледі, ал бөлімшелерде (кафедра, зертхана, шеберхана) –құрылымдық бөлімше басшысына жүктеледі. Қызметкерлерді инструктаждан өткізу сипатына және уақытына қарай бөлінеді:

- а) кіріспе
- б) жұмыс орнында бастапқы
- в) қайталамалы
- г) жоспардан тыс
- е) мақсатты.

Кіріспе инструктажды еңбекті қорғау бойынша инженер немесе инженердің міндетін атқару жүктелген адам жүргізеді. Кіріспе инструктаж жұмысқа қабылданған адамдардың бәрімен олардың біліміне, осы мамандық немесе лауазым бойынша еңбек стажына қарамастан өткізіледі, сонымен қатар іс-сапарға келгендермен, өндіріске тәжірибеден етуге келген студенттер және оқушылармен де өткізіледі. Еңбекті қорғау жөнінде кіріспе инструктаж өткізгені туралы инструктаждарды тіркеу журналына жазылады, инструктаждан өтуші және өткізген адам қол қояды.

Бастапқы инструктаж жұмыс орнында әр адаммен жеке еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін тәжірибеде көрсете отырып жүргізіледі. Жұмыс орнындағы бастапқы инструктаж университетке жаңадан қабылданған, бір бөлімшеден екіншісіне ауыстырылған адамдардың бәрімен жүргізілуі тиіс.

ЕСКЕРТУ: жұмысы қызмет көрсетуге, сынаққа, құралдарды жөндеуге қатысы жоқ адамдармен бастапқы инструктаж жұмыс орнында өткізілмейді.

Оқушылар зертханалық жұмыс алдында қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың болуын есепке ала отырып еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен танысуы тиіс. Бұдан басқа, әрбір зертханалық жұмысты орындау алдында оқушылар осы жұмысты қауіпсіз орындау әдістерімен таныстырылады. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша инструктаждарды зертханалық жұмысты

жүргізетін оқытушылар өткізеді және инструктаждан өту туралы бақылау парағын толтырады.

Қайталамалы инструктаждан жұмыс орнында ескертуде көрсетілген адамдардан басқа, біліктілігіне және еңбек стажына қарамастан барлық адамдар 3 ай сайын өтеді (тоқсан сайын).

Жоспардан тыс инструктаж өткізіледі:

- еңбекті қорғау жөніндегі ереже өзгергенде, технологиялық процесс өзгергенде, құралдар, жабдықтар, бастапқы шикізат, материалдар ауыстырылған кезде және еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін басқа да факторлар кезінде,

- қызметкерлердің жарақаттануға, апат немесе өрт туындауына әкелген немесе әкелетін еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзған кезде өткізіледі.

Мақсатты инструктаж бір реттік жұмысты атқару кезінде, апат, табиғи апат зардаптарын жою кезінде және көпшілік шаралар өткізу кезінде жүргізіледі.

Өрт қауіпсіздігі бойынша барлық инструктаж түрлерін еңбекті қорғау бойынша инструктажбен өткізуге рұқсат етіледі.

Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқауларды бөлімше басшысы дайындайды. Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқау қызметкерлердің өндірістік бөлмелерде, университет аумағында, құрылыс алаңдарында және тапсырылған жұмысты атқаратын басқа да жерлерде қауіпсіздік талаптарын анықтайтын нормативтік құжат болып табылады.

Қызметкерлерге арналған нұсқаулықтарды кәсіподақ ұйымымен бірге университет әкімшілігі мекеменің нақты жағдайын есепке ала отырып үлгілік нұсқаулық негізінде дайындайды және бекітеді. Қызметкерлерге арналған нұсқаулықта жалпы қауіпсіздік талаптарынан басқа жұмыс алдында, жұмыс кезінде жұмысты қауіпсіз атқару әдістері мен тәсілдері, технологиялық құралдарды, жабдықтарды және құрылғыларды пайдалану ережесі көрсетілген, апатты жағдайда қауіпсіздік талаптарын, жұмыс аяқталған кездегі қауіпсіздік талаптарын сақтау ережесі бар.

Университетте нұсқаулықтың жобасы еңбекті қорғау және техника қауіпсіздік бөліміне қарауға жіберіледі, нұсқаулықтың соңғы нұсқасы кәсіподақ ұйымымен келісіп, басшы бекітеді. Құрылымдық бөлімше жетекшісінде бөлімшеде қолданылатын нұсқаулықтың жиындығы және тізбесі тұрақты сақталуы тиіс. Кәсіптер мен жұмыс түрлері бойынша жұмыс істейтіндердің нұсқаулықтарын қайта қарау 3 жылда 1 рет жүргізіледі.

10 Қызметкерлерді санитариялық-тұрмыстық қамтамасыз ету. Бөлмелердің санитариялық-тұрмыстық жабдықтары, оларды орналастыру.

Нормативке сай жағдай жасау үшін қолданыстағы нормаға сәйкес жабдықталған санитариялық-тұрмыстық бөлменің болуы аса маңызды: киім шешетін бөлме, душ, жуынатын бөлме, дәретханалар, әйелдерге арналған жеке гигиена бөлмесі, демалыс, жылыну бөлмесі, респираторлық, кір жуу, кептіру, шаңнан тазарту және залалсыздандыру бөлмесі және жұмыс киімдері мен аяқ киімдерін жөндеу бөлмесі, ауыз сумен қамтамасыз ету, т.б.

Аталған бөлмелер мен құралдар Қ.И.Сәтбаев ат.ҚазҰТЗУ өзіне өзі бағалау жүргізу бағдарламасында қарастырылған:

- 36 пункт. Техникалық, кәсіптік және жоғары білім беру оқу орындарын ұстау, пайдалану және оқыту жағдайына санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, ҚР БҒМ 03.08.2010 ж. №594 бұйрығымен бекітілген,

- 52 пункт. ҚР МСТ 1158-2002 (29.12.2002 ж. №516) ҚР Мемлекеттік стандарты. Жоғары кәсіптік білім беру. Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасы.

11 Еңбекті қорғау жөнінде оқытуды, инструктордан өткізу және білімін тексеруді ұйымдастыру.

Басшылар мен мамандардың еңбекті қорғау жөніндегі білімдерін тексеру лауазымға тағайындалған алғашқы айда жүргізіледі, жұмыс істейтіндерге – үш жылда 1 рет жүргізіледі. Еңбекті қорғау жөнінде дер кезінде және сапалы оқыту, білімін тексеруді ұйымдастыруға жауапкершілік кәсіпорынның басшылығына жүктеледі, бөлімшелерде (бөлім, участок, зертхана, шеберхана т.б.) – бөлімше басшысына жүктеледі.

ЖОО келген басшылар мен мамандар еңбекті қорғау бойынша инженер, немесе кәсіпорын басшысының бұйрығымен осы міндет жүктелген адам өткізетін кіріспе инструктордан өтеді.

Инструктор кезінде олар танысуға тиіс:

- еңбекті қорғау және еңбек жағдайымен, өндірістік жарақаттану және кәсіптік аурулармен,

- еңбекті қорғау жөніндегі заңнамамен және нормативтік құқықтық актілермен, ұжымдық келісім шартпен,

- еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі өздерінің лауазымдық міндеттерімен,

- қызметкерлерді қауіпті және зиянды өндірістік факторлардан қорғайтын жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету жағдайы және тәртібімен танысуы тиіс.

Университет басшылары мен мамандарының еңбекті қорғау жөніндегі білімін жоспардан тыс тексеру алдыңғы тексеру мерзіміне қарамастан жүргізіледі; білімін тексеру күні мен орны туралы қызметкерге 15 күн бұрын хабарланады.

Басшылар мен мамандардың еңбекті қорғау жөніндегі білімдерін тексеру үшін басшының бұйрығымен (өкімімен) комиссия құрылады.

Еңбекті қорғау жөніндегі білімді тексеретін комиссия мүшелерінде өздерінің өкілеттігін білдіретін құжаты болуы тиіс. Еңбекті қорғау жөніндегі білімді тексеру комиссиясы құрамы 3 адамнан кем болмауы керек. Еңбекті қорғау жөніндегі білімді тексеру нәтижесі хаттамамен рәсімделеді. Еңбекті қорғау жөніндегі білімді тексеруден өткен адамдарға комиссия төрағасы қол қойған, кәсіпорын мөрі басылған куәлік беріледі. Еңбекті қорғау жөніндегі білімді тексеруден қанағаттанарлықсыз дайындығына байланысты өтпеген басшылар мен мамандар 1 ай ішінде қайталап етуге міндетті. Еңбекті қорғау жөніндегі білімді тексеруден екінші рет өтпеген басшылар мен мамандардың атқарып отырған лауазымына сәйкестігі туралы мәселені ЖОО басшысы бекітілген тәртіппен шешеді.

12 Жұмыс орнын аттестациялау

Еңбек жағдайы бойынша аттестациялауға университеттегі барлық жұмыс орны жатады.

Аттестация өткізу мерзімі еңбек жағдайы және еңбек сипаты өзгеруіне қарай тағайындалады, бірақ соңғы тексеру жүргізілген мерзімнен бастап 5 жылда 1 рет жүргізіледі.

Жабдықтар ауыстырылған, технологиялық процесс өзгерген, ұжымдық қорғаныш құралдары және т.б. қайта қалпына келтірілген жұмыс орындары міндетті түрде қайта аттестациялаудан өткізіледі, сонымен қатар жұмыс орнын аттестациялау кезінде бұзылыстар анықталған кезде Мемлекеттік сараптама органының талап етуі бойынша жүргізіледі.

Еңбек жағдайы бойынша жұмыс орнын аттестациядан өткізуге дайындауға жұмыс орындарының тізімін жасау, өлшемдердің нақты мәнін анықтау мақсатында инструменттік бағалауға жататын өндірістік ортаның қауіпті және зиянды факторларын анықтау жатады.

Еңбек жағдайы бойынша жұмыс орнына аттестация ұйымдастыру және өткізу үшін бұйрық шығаралып, соған сәйкес аттестациялық комиссия құрылады.

Комиссия жүргізеді:

- жұмыс орнындағы қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың нақты мәнін анықтауды,

- жұмыс орнының жарақаттық қауіпсіздігін бағалауды,

- қызметкерлердің жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуін бағалауды,

- жұмыс орындарындағы нақты еңбек жағдайын бағалауды (влғвшқы үш кезеңде алынған мәліметтерді талдау және олардың нормативтік құжаттар талабына сәйкестігі).

Аттестациялық комиссия жұмысының нәтижесі еңбек жағдайы бойынша жұмыс орнын аттестациялау хаттамасымен рәсімделеді, оған қосымша беріледі:

- еңбек жағдайы бойынша жұмыс орнын аттестациялау картасы,

- жұмыс орындарының және еңбек жағдайы бойынша аттестациялау нәтижесінің тізімі,

- жұмыс орындарының және еңбек жағдайы бойынша аттестациялау нәтижесінің жинақты тізімі,

- еңбек жағдайын жақсарту және сауықтыру шараларының жоспары.

13 ЖОО қоланыстағы еңбекті қорғау талаптарын сақтау жөніндегі қызметкерлердің міндеттері.

Қызметкер міндетті (ҚР ЕК 306 бабы):

- еңбекті қорғау талаптарын сақтауға,

- жұмысты атқарудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін және өндірісте зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуді оқып үйренуге, еңбекті қорғау бойынша инструктаждан, жұмыс орнында тәжірибеден өтуге, еңбекті қорғау талаптарына білімін тексеруге,

- міндетті алдын ала және кезеңдік медициналық тексеруден өтуге, жұмыс берушының жолдамасы бойынша кезектентыс медициналық тексеруден өтуге,

- ұжымдық және жеке қорғаныш құралдарын дұрыс пайдалануға,

- өзінің тікелей бастығына адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызған барлық жағдайлар туралы, өндірісте болған әрбір жазатайым оқиға туралы, кәсіптік ауру белгілері немесе ез денсаулығының нашарлауы туралы дереу хабарлауға міндетті.

14 Жазатайым оқиға және кәсіптік ауру туралы түсінік. Жазатайым оқиғаны есепке алу және рәсімдеу тәртібі.

Жарақат (жазатайым оқиға) әдетте қызметкерге өзінің қызметтік міндеттерін немесе басшының тапсырмасын орындау кезінде қандай да бір өндірістік фактордың кенеттен әсер етуі нәтижесінде болады (МемСТ 12.0.230-2007).

Жарақаттар әсер ету түріне қарай механикалық (соғылу, сынық, жарақат т.б.), ыстықтан болатын(күю, үсу, ыстық өту), химиялық (химиялық күю, жіті улану, тұншығу), ток соғу, жиынтықты деп бөлінеді.

Кәсіптік аурулар деп жұмыс істеушіге осы жұмысқа тән зиянды өндірістік факторлардың әсер етуі нәтижесінде туындаған ауруларды атайды және онымен қатынаста болмаған кезде ауру пайда болмайды.

Кәсіптік аурулар әдетте қолайсыз жағдайда ұзақ немесе аз уақыт жұмыс істеген кезде пайда болады.

Жазатайым оқиғаларды тексеру материалдарын рәсімдеу ҚР ЕК 326 бабына сәйкес жүргізіледі.

Тексеру барысында жазатайым оқиға деп табылған әрбір жазатайым оқиға бойынша белгіленген үлгіде заңдық күші бірдей 2 дана өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт толтырылады. Өндірістегі топтық жазатайым оқиға кезінде жазатайым оқиға туралы акт әрбір зардап шеккен адамға жеке толтырылады.

Өндірістегі жазатайым оқиға кезінде сақтандырылған зардап шегушіге қосымша акт данасы толтырылады.

Өндіріске байланысты емес жазатайым оқиғаны тексеру нәтижесі бойынша, оның ішінде топтық, ауыр немесе өліммен аяқталған жағдайда комиссия 2 дана тексеру актісін жасайды.

Өндірістегі жазатайым оқиға туралы актіде оқиғаның себептері мен жағдайлары толық сипатталауы тиіс, сонымен қатар еңбекті қорғау талаптарын бұзған адамдар да көрсетілуі тиіс. Егер сақтандырылған адамның өрескел байқамаушылығы анықталса, актіде тексеру барсыныда анықталған оның кінәсі пайыз түрінде көрсетіледі.

Актіге тексеру жүргізуге қатысқан адамдардың бәрі қол қояды да, жұмыс беруші (оның өкілі) бекітеді және мөрмен растайды.



Жұмыс беруші (оның өкілі) тексеру аяқталған соң 3 күн ішінде актінің 1 данасын зардап шегушіге (оның заңды өкіліне немесе басқа да сенімді адамына) беруге міндетті. Екінші данасы тексеру материалдарымен бірге кәсіпорында (мекемеде) 45 жыл бойы сақталады.

Сақтандырылған жағдайда 3-ші данасын және тексеру материалдарының көшірмесін жұмыс беруші атқарушы органға жібереді (жұмыс берушінің сақтандырушы ретінде тіркелген жеріне).

15 Электрқондырғыларды қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру бойынша талаптар

Электрқондырғыларды пайдалануды және жөндеуді ұйымдастыру «Тұтынушылардың электрқондырғыларды пайдаланудың техникалық Ережесі», МемСТ, электрқондырғыларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережесі және еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша басқа да нормативтік актілер талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Адамдарды электр тогының, электрлік доға, электромагниттік алаң және статистік электрдің зиянды және қауіпті әсерлерінен қорғауды қамтамасыз ететін құралдар мен техникалық және ұйымдастыру шараларының жүйесі **электрқауіпсіздігі** деп аталады.

Өзірлеген қолы 	Келісілді қолы 	2015 жылғы «13» 09 -№ 68 бұйрықпен бекітілді
---	---	---

Қорғану құралдары, заттары және құрылғылары қолданыстағы ережеге сәйкес тексеруден және сынақтан өтуі тиіс.

Мекемеде жеке кәсіп қызметкерлерімен қатар жеке жұмыс түрлеріне де арналған еңбекті қорғау жөніндегі нұсақулықтар дайындалып, бекітілуі керек. Өрбір қызметкер жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыруға және қызмет көрсететін жабдыққа қатысты еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды білуі және орындауы тиіс.

Құрылымдық бөлімшелердің **электршаруашылығына жауапты** адамдары қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайын туғызу бойынша ұйымдастыру және техникалық шараларды жүргізуге, еңбекті қорғау жөнінде инструктаж өткізуге, қызметкерлерге қауіпсіз жұмыс әдістерін көрсетуге және үйретуге, еңбек қауіпсіздігі талаптарын және олардың қолданыстағы норма мен ереже талаптарына сай құралдарды, құрылғыларды, қорғану құралдарын, арнайы киімді пайдалану талаптарын сақтауына жауап береді.

Электрқондырғыларда жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына жатады:

- жұмысты рұқсатпен, өкіммен немесе ағымдық пайдалану тәртібімен атқарылатын жұмыс тізбесі бойынша рәсімдеу,
- жұмысқа рұқсаттың болуы,
- жұмыс кезінде қадағалау (бақылау) жасау,
- жұмыстағы үзілісті, басқа жұмыс орнына ауысуды, жұмыстың аяқталуын рәсімдеу.

Басшы және электршаруашылығына жауапты адам жұмыс орнындағы еңбек жағдайының қауіпсіздік талаптарына сай болуын қадағалауы тиіс.

16 Жазатайым оқиғаларды тексеру тәртібі. Жазатайым оқиғаларды тексеру және рәсімдеу.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру және есепке алу тәртібі ҚР ЕК 327 бабы бойынша тағайындалған.



Тексеруге және есепке алуға тұрақты, уақытша, маусымдық жұмысшылармен және қызметкерлермен, штаттан тыс және қоса атқарушы қызметкерлермен, студенттер мен оқушылардың тәжірибеден өту кезінде немесе кәсіпорында жұмыс атқаруы кезінде болған жазатайым оқиғалар жатады.

Жазатайым оқиғаны тексеру үшін жауапты басшы дереу құрамы үш адамнан аз емес комиссия құрады. Комиссия құрамына еңбекті қорғау жөніндегі маман немесе еңбекті қорғау жұмысын ұйымдастыруға жауапты болып тағайындалған адам, кәсіподақ ұйымының өкілі кіреді.

Жазатайым оқиғаны тексеру кезінде комиссия оқиғаны көрген адамдарды анықтап, сұрайды, еңбекті қорғау талаптарын бұзған адамды анықтайды, жұмыс берушіден қажетті мәлімет алады және мүмкіндігіне қарай зардап шегушіден түсініктеме алады.

Комиссияның талап етуі бойынша жұмыс беруші қамтамасыз етеді:

- техникалық есептеулерді, сынақтарды, басқа да сараптамалық жұмыстарды орындауды және осы мақсатта маман-эксперттерді қатыстыруды,
- оқиға болған жерді, объектіні суретке және (немесе) бейнетаспаға түсіруді, жоспар, үлгі, эскиз жасауды,
- көлік, бөлме, байланыс құралдарын, арнайы киім және аяқ киім, басқа да қорғаныс құралдарын беруді қамтамасыз етеді.

Өзірлеген қолы 	Келісілді қолы 	2015 жылғы «13» 09 - № 1 бұйрықпен бекітілді
---	---	---

Жиналған материалдар негізінде комиссия жазатайым оқиғаның себептері мен жағдайын, еңбекті қорғау талаптарын бұзған адамды анықтайды; жазатайым оқиғаның себептеріін жою бойынша ұсыныс дайындайды. Сонымен қатар жазатайым оқиғаны өндірісте болған жазатайым оқиға немесе ендіріспен байланысты емес деп жіктейді.

Жазатайым оқиға, егер ол өндірістегі жазатайым оқиғадан және кәсіптік аурудан сақтандырылған немесе міндетті әлеуметтік сақтандыруға жататын адаммен болса сақтандырылған оқиға болып саналады.

Нәтижесінде бір немесе бірнеше зардап шегушінің денсаулығына жеңіл зақым тисе жазатайым оқиғаны тексеруді (оның ішінде топтық) комиссия 3 күн ішінде жүргізеді.

Нәтижесінде бір немесе бірнеше зардап шегушінің денсаулығына ауыр зақым келсе, немесе өліммен аяқталса жазатайым оқиғаны тексеруді (оның ішінде топтық) комиссия 15 күн ішінде жүргізеді.

Жазатайым оқиғаны тексеру кезінде қосымша тексеру жүргізу қажет болса, сәйкес медициналық және басқа да қорытындылар алу қажет болса комиссия тексеру мерзімін ұзартуы мүмкін, бірақ ол 15 күннен аспауы тиіс.

Топтық жазатайым оқиға кезінде Н-1 үлгісіндегі акті әрбір зардап шегушіге жеке толтырылады, әрі рәсімделеді:

- оқиға орнының жоспары, үлгісі, фотосуреттері,
- жазатайым оқиғаның куәгерлерін және басқа да қатысты адамдардың түсініктемелері, сұру хаттамалары, сондай-ақ МемСТ, ССБТ стандарттары, еңбекті қорғау бойынша норма мен ереже талаптарын сақтауға жауапты лауазымды тұлғаның түсініктемесі,
- зардап шеккен адамның инструктордан және оқудан өткені туралы мәлімет,
- зардап шегушіге келтірілген зақымданудың ауырлығы және сипаты туралы, оның өлімі себептері туралы медициналық қорытынды,
- жазатайым оқиғаның себептері туралы сараптамалық комиссияның (қажетіне қарай) қорытындысы,
- апатқа байланысты материалдық зиян туралы анықтама,
- арнайы тексеру комиссиясын құру туралы мемлекеттің қадағалау органының бұйрығы,
- қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ететін және оған жауапты адамдар туралы нұсқаулықтар, ереже, бұйрықтар және басқа актілерден көшірмелер,
- еңбек инспекторының ұйғарымы.

17 Қызметтік міндеттерін орындау барысында қызметкердің денсаулығына келтірілген зақым, кәсіптік ауру немесе басқа да зиянды жұмыс берушінің өтеу тәртібі.

Өндірістегі жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру нәтижесінде қызметкердің денсаулығына зиян келсе немесе қызметкер қайтыс болса оған (оның отбасына) оның жоғалтқан еңбекақысы (табысы) төленеді, сонымен қатар денсаулығы бұзылуына байланысты медициналық, әлеуметтік және кәсіптік реабилитацияға немесе қайтыс болуына байланысты сәйкес қосымша шығындары етеледі.

Аталған жағдайларда қызметкерге берілетін кепілдеме және өтемақы түрі, мөлшері және шарты ҚР ЕК 311 бабының 5 тармағымен анықталады.

ҚР ЕК 317 бабының 1 тармағы 12 қосымша тармағына сәйкес жұмыс беруші қызметтік міндеттерін атқару барысында оның өмірі мен денсаулығына зиян тигізгені үшін өз жауапкершілігін сақтандыруға міндетті.

Қызметкерге кепілдіктер мен өтемақы төлеу тәртібі.

Сақтаныдру бойынша қамтамасыз ету жүзеге асырылады:

- уақытша еңбекке жарамсыздық жәрдемақысы түрінде,
- сақтандыру төлемдері (бір реттік, ай сайын) түрінде.

18 Университет ғимаратындағы бөлмелерді қарау жиілігі және тәртібі.

Университеттің ішкі тәртіп Ережесіне сәйкес күн сайын 8.00 –ден 8.30 дейін және жұмыс күнінің соңында оқу корпусының коменданттары, жатақхана, шаруашылық, зертхана меңгерушілері және кафедралардың оқу-көмекші қызметкерлері бөлмелердің сабаққа дайындығын және тәртіп бұзушыларды анықтап, оларға сәйкес шара қолдану мақсатында бөлмелерді, бекітілген территорияны қарап шығуға міндетті.

Тексеру кезінде ерекше назар аударылады:

- бөлмелердегі және территориядағы жалпы тәртіпке,
- жиһаз, жабдықтардың, электрқұралдарының жағдайына,
- жылу-, сумен қамту және желдету жүйелерінің жағдайына,
- жалпы пайдалану орындарының жағдайына және т.б. мәселелерге назар аударылады.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша оларды жою және ары қарай болдырмау үшін дереу тиісті шаралар қолдануы тиіс.

19 Қызметкерлерді арнайы киім, аяқ киіммен және басқа да қорғану құралдарымен қамтамасыз ету тәртібі.

ҚР ЕК 205 бабына сәйкес зиянды еңбек жағдайында істейтін жұмысшылар мен қызметкерлерге, сондай-ақ ерекше температуралық жағдайда немесе ластаушы ортада жұмыс істеушілерге бекітілген норма бойынша арнайы киім, аяқ киім және басқа да қорғану құралдары беріледі. Теріге зиянды заттар түсуі мүмкін жұмыстарда жуу және залалсыздандыру заттары тегін беріледі.

Жұмысшылар мен қызметкерлерге арнайы киім, аяқ киім және басқа да қорғану құралдарын тегін беру жұмыс берушінің есебінен қызметкерлерді арнайы киім, аяқ киім және басқа да жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, санитарлық-тұрмыстық бөлме жеке құралдармен қамтамасыз ету нормасы және Ережесіне сәйкес жүргізіледі (31.07.2007 ж. №184-п бұйрық). Нормада экономиканың барлық саасындағы кәсіптер мен лауазымдар атауы нақты көрсетілген, арнайы киім, аяқ киім және басқа да қорғану құралдарының атауы, оларды пайдалану мерзімі көрсетілген.

Оқушылар мен уақытша жұмыс істеушілер жеке қорғану құралдарымен арнайы киім, аяқ киім және басқа да қорғану құралдарын тегін беру туралы қолданыстағы нормаға сәйкес осы кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі. Жұмысшылар мен қызметкерлерге атқаратын жұмысының сипаты мен жағдайына қарай сақтандыру белдігі, диэлектрлік қолғап және кебіс, диэлектрлік резеңке кілемше, қорғаныс көзілдірігі, респиратор, қорғаныс шлемі, каска, шынтақ қорғаушы, шудан қорғайтын құлаққап, т.б. арнайы құралдар беріледі.

Жұмысшылар мен қызметкерлерге берілетін арнайы киім, аяқ киім және басқа да қорғану құралдары МемСТ 12.4.011-89 талаптарына жауап беретін, пайдалануға қолайлы және жарамды, еңбек жағдайына және жеке қауіпсіздік талаптарына сай болуы тиіс. Жеке қорғаныс құралдарына жылдық тапсырыс жұмыс істеушілердің нақты санын есепке ала жасалады және еңбекті қорғау бөлімімен келісіледі.

Жұмыс аяқталған соң арнайы киім, аяқ киім және басқа да қорғану құралдарын кәсіпорыннан сыртқа шығаруға тыйым салынады. Оларды сақтау үшін кәсіпорын (мекеме) әкімшілігі арнайы жабдықталған бөлме (гардероб), санитарлық-гигиеналық нормаға сәйкес құрылғы беруге тиісті.

20 Өндірістегі жөндеу жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік талаптары.

Машинаны пайдалану барысында оның ескіруі немесе жеке бөлшектерінің, шектеуші және сақтандырушы құрылғыларының сынуы нәтижесінде оның қалыпты қызметі бұзылуы мүмкін, яғни қауіпсіз еңбек жағдайы бұзылады. Бұзылулар мен істен шығуды анықтаудың ең тиімді жолының бірі құралды жоспарлы-алдын ала жөндеу. Осы кезде шектеуші, сақтандырушы құрылғыларды да жоспарлы алдын ала тексеру жүргізіліп, қорғаныс жерсіздену жұмысы да тексеріледі.

ППР –апаттың алдын алу және құралдың тұрақты жұмысқа дайындығын сақтауға бағытталған, жабдықтарды күту, қадағалау және жөндеу бойынша жоспарланған шаралар жиынтығы.

21 Қалпына келтірілген және жаңа объектілерді, құралдар мен зертханаларды пайдалануға қабылдау тәртібі.

Қабылдауды басшылықтың бұйрығымен тағайындалған тұрақты жұмыс істейтін комиссия жүзеге асырады.

Қалпына келтіру, монтаж немесе жаңа құралды қосу алдында жүргізу қажет:

- қабылдау объектісі бойынша түсіндірме хат дайындау керек, оған кафедра меңгерушісі қол қояды, онда құралдың техникалық мәліметтері, қолдану орны, СНИП сәйкестігі, пайдалану шарты (ауданы, жарықтандыру, желдету, т.б.), жұмыс орнының саны, экстремалды жұмыс тәртібі, қауіпті және зиянды өндірістік факторларының болуы, оларды жою әдістері немесе қорғану әдістері көрсетіледі,

- құралды орналастыруды жоспарлау, электр-, гидро-, пневможүйелер мен коммуникациялардың монтаждық үлгісін еңбекті қорғау бөлімімен және басқа инженерлік қызметпен келісіп, орындау,

- белгіленген тәртіп бойынша құралды орнату, қосу немесе қалпына келтіру жұмыстарын орындау кезінде еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықты дайындап, бекіту,

- кафедрада жұмысқа рұқсат беру тәртібін, осы жұмысқа рұқсат етілген адамдарды, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге жауапты адамды көрсетіп өкім дайындау.

Көрсетілген материалдар осы жұмыстарды атқаруға рұқсат ету үшін тұрақты жұмыс істейтін комиссияға беріледі.

Құралды пайдалануға қабылдау кезінде келесі материалдар ұсынылады:

- түсініктеме хат,

- еңбек жағдайының санитарлық-техникалық паспорты,

- құралды орналастыру жоспары,

- электр-, гидро-, пневможүйелер мен коммуникациялардың принциптік үлгілері,
- өлшемдер хаттамалары (шу, жарықтандыру, қарсылықты жерсіздендіру),
- қысыммен жұмыс істейтін жүйелер мен құбырларды тексеру актілері,
- орналастыру және қосу жұмыстарының актілері,
- жүк көтергіш машиналардың куәландыру актілері,
- эксперимент жүргізу әдістемесі (қажет болса),
- еңбекті қорғау және пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық,
- еңбекті қорғау жөнінде нұсқаулық және білімін тексеруден өткені туралы құжаттар,
- жұмысқа рұқсат беру тәртібі, осы жұмысқа рұқсат етілген адамдарды, құралды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге жауапты адамды көрсетіп өкім (бұйрық) дайындау.

22 Электр тогынан зардап шеккен адамды ажырату тәртібі және дәрігерге дейінгі көмек көрсету.

Зардап шеккен адамды электр тогы әсерінен ажыратқан соң жасау қажет:

22.1. Оның жағдайын бағалау:

- **есін білуі** – анық, білмейді, бұзылған, қозған
- **терісінің түсі** – қызғылт, ерні көгерген, бозғылт
- **тыныс алуы** – қалыпты, жоқ, бұзылған (дұрыс емес, жеңіл, сырылды)
- **көктамырдағы пульс** – жақсы білінеді, нашар білінеді
- **қарашығы** – тарылған, кеңейген.

Терісінің түсі және тыныс алуы (кеудесінің көтеріліп, түсуі бойынша) көзбен бағаланады. Есін жоғалтуы туралы да көзбен анықталады. Көктамырдағы пульс 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақ басымен мойнынан кеңірдек пен бұлшықет арасынан анықталады.

22.2. Зардап шегушінің жағдайын бағалау негізіндегі іс-әрекет:

- егер есі, тынысы, пульсі жоқ болса, терісі кекшіл, қарашығы кеңейген болса (диаметрі 0,5 см) – зардап шегуші клиникалық өлім жағдайында – жасанды тыныс арқылы дереу организмді тірілтуге кірісу қажет,

- егер зардап шегуші сирек және дірілдеп тыныс алса, бірақ пульсін анықтау мүмкін болса - жасанды тыныс алу әдісін жасау керек,

- егер зардап шегуші есін білсе, бірақ оның алдында есінен танса немесе есін білмей жатса, тыныс алуы мен пульсі тұрақты болса – оны жатқызып киімін шешіп артық адамдарды алыстатып тыныштықты сақтау керек.

Электр тогы соққан кезде зардап шегушіні дереу ток көзінен ажырату керек, себебі электр жарақатының аурлығы токтың әсер ету ұзақтығына байланысты. Электр тогының зардап шегушіге әсер етуін тоқтатудың негізгі әдісі құралды немесе тізбек участогын сөндіру (рубильник немесе басқа сөндіргіш аппаратпен), зардап шегушіні құрылыс немесе жабдық элементерінен босату (құрғақ таяқ, тақтай, балта, сабы ағаш күрек, т.б. зардап шегушіні екі жағынан босатады), ток соғу аймағынан зардап шегушіні киімінен ұстап, егер ол құрғақ болса, алып шығу керек.

Көмек көрсетушінің қолдарын бөлектеу үшін, әсіресе оған адам денесіне қол тигізу керек болса, оған диэлектрлік қолғап кигізеді немесе қолын шарфпен, киімінің жеңін қолына орап, зардап шегушіге резеңке материал (плащ) немесе жай құрғақ материал жабу керек. Сонымен қатар, құрғақ тақтай немесе басқа бір ток өткізбейтін төсеніш үстіне тұрып өзін де бөлектеуі тиіс. Зардап шегушіні ток көзінен

ажырату кезінде бір қолды қалтаға салып немесе артқа ұстап тұрып, бір қолмен ғана әрекет ету керек.

23 Реанимациялық шаралар әдістері (жасанды дем алдыру және жүрекке тура емес массаж).

23.1 Тез арада зардап шегушінің жағдайын анықтау керек:

- көктамырда пульстің бар жоғын анықтау,
- өзінің тыныс алуын анықтау керек (Ұкеуде қозғалысы арқылы).

23.2 Зардап шегушіні шалқасынан қатты жерге жатқызып ауыз қуысын тексеру керек. Кеудесін қысып тұрған киімнен босайтп, белдігін шешеді.

23.3 Тыныс алуы және пульсі жоқ болса, өкпені жасанды желдетуді («ауызға ауыз» әдісі) және жүрекке тура емес массаж жүргізу керек:

-жұдырықпен кеудені ұрады (пульсі бар болса ұруға болмайды) және пульсті тексереді. Егер пульс жоқ болса – зардап шегушінің кеудесін екі алақанымен басып жүрекке массаж жасайды (алақанға алақан). Кеудені басу жиілігі минутына 50-80 рет, тереңдігі 3-4 см:

-мұрнын қысып, иегін ұстайды, басын артқа шалқайтып аузына терең үрлеу керек (марлі, салфетка, қол орамал арқылы).

Ранимациялық шаралар жүргізу кезінде бір мезгілде өкпеге жасанды желдетуді және жүрекке тура емес массажды 2 үрлеу және 15 рет басуды кезектестіріп жасау керек.

Егер медициналық көмекті екі адам көрсетсе, онда біреуі жүрекке масса, екіншісі – жасанды дем алдыруды жасайды.

Реанимацияны медицина қызметкерлері келгенге дейін жасау керек.

24 Күйік кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету.

Күйік кезінде (термикалық және электрлік) күйген жерлерге қол тигізуге, қандай да бір препаратты жағуға немесе себуге, көпіршікті жаруға болмайды.

Аумағы бойынша үлкен емес бірінші және екінші дәрежелі күйік кезінде күйген жерге стерильденген таңғыш салу керек. Ауыр және үлкен күйіктер кезінде зардап шегушіні таза төсеменге немесе матаға орап, күйік шалған бетін стерильді дәкемен жабу керек.

Адамның үстіндегі жанып жатқан киімді өрт сөндіру құралымен өшіруге тыйым салынады және оның киімін күйген денесінен алуға болмайды. Ол үшін қалың матаны денесіне жауып, отты өшіру керек.

Күйген жерді таңуға немесе суммен жууға болмайды.

1 дәрежелі күйік – тері қызарады

2 дәрежелі күйік – күлбіреу пайда болады, ол жерге құрғақ марлі таңғышын салады.

3 дәрежелі күйік – ашық жаралар

4 дәрежелі күйік – тері көмірленген.

Медициналық қызметкердің (дәрігердің) білікті көмегі қажет. Күйген жерлерді стерильді салфеткамен жабуға рұқсат етіледі.

Көз күйген кезде бор қышқылы ерітіндісімен суық малма жасау керек (1/2 шөй қасық 1 стакан суға) және зардап шегушіні дереу дәрігерге жібереді.

25 Жарақаттану кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету

Алғашқы медициналық көмек – зардап шегушінің өмірі мен денсаулығын сақтау немесе қалпына келтіруге бағытталған медициналық емес қызметкердің (өзара көмек) немесе зардап шегушінің (өзіне көмек көрсету) атқаратын шаралар жиынтығы.

Жарақаттану кезінде жараны жууға, қол тигізуге болмайды, жара айналасына йод жағып, стерильді таңғыш салады.

Жасауға болмайды:

- жараға спирттік немесе басқа кез-келген ерітіндіні құюға,
- оқиға орнында жарадан бөгде заттарды шығарып алуға,
- іш жарақаты кезінде шыққан органдарды орнына салуға және су ішкізуге болмайды.

26 Үсік кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету

Алғашқы медициналық көмек – зардап шегушінің өмірі мен денсаулығын сақтау немесе қалпына келтіруге бағытталған медициналық емес қызметкердің (өзара көмек) немесе зардап шегушінің (өзіне көмек көрсету) атқаратын шаралар жиынтығы.



Төменгі температураның әсерінен терілердің бұзылуы үсу деп аталады. Саусақтар, қол, табан, құлақ, мұрын тез үсиді. Алғашқы көмекке зардап шегушіні тез арада жылыту, әсіресе үсіген дене мүшелері жатады, ол үшін зардап шегушіні тез арада жылы жерге жеткізу керек. Ең алдымен үсіген жерді жылытып, қан айналымын қалпына келтіреді. Бұған тез арада, әрі қауіпсіз қол жеткізуге болады, егер үсіген аяқ-қолды 35-40⁰С ваннаға салатын болса. Әрі аяқ-қолдың кірін сабынмен жақсылап жуады. ваннадан кейін үсіген жерлерді кептіріп (сүртіп), стерильді таңғышпен орап, жылы жауып қою керек. Ол жерді маймен, жақпа маймен сылауға болмайды, себебі бұл кейінгі алғашқы өңдеуді қиындатады. Үсіген жерді қармен уқалауға болмайды, себебі бұл салқындауды күшейтеді, әрі мұз түйіршіктері теріні жаралайды да инфекция түсуіне жол береді; үсіген жерді қлоғаппен, матамен, қол орамалмен ысқылауға болмайды. Таза қолмен шеткері аймақтап бастап денеге қарай массаж жасауға болады.

Мұрын, құлақ үсіген кезде оларды көмек көрсетушінің жылы қолымен жылыту керек. Алғашқы көмек көрсету кезінде зардап шегушіні жалпы жылытудың маңызы зор. Оған ыстық шай, кофе, сүт береді. Зардап шегушіні медициналық мекемеге жылдам жеткізу де алғашқы көмекке жатады.

27 Соғылу кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету

Алғашқы медициналық көмек – зардап шегушінің өмірі мен денсаулығын сақтау немесе қалпына келтіруге бағытталған медициналық емес қызметкердің (өзара көмек) немесе зардап шегушінің (өзіне көмек көрсету) атқаратын шаралар жиындығы.

Буын шығу, соғылу, ауыр затпен аяқ-қол жаншылу кезінде және басқа жарақаттар кезінде зардап шегуші жіті ауырсынуды сезінеді, зақымдалған дене мүшесін қозғаған кезде ауырсыну күшейеді. Алғашқы көмек көрсетудің ең маңызды кезеңі зақымдалған дене мүшесіне тыныштық беру. Бұл ауырсынуды төмендетеді. Жарақатталған жерге «суық» басу керек (мұз, қар, муық сумен резеңке ыдыс), ол

Өзірлеген қолы 	Келісілді қолы 	2015 жылғы «17»-09-2015 № 68 бұйрықпен бекітілді
---	---	---

ауырсынуды басады. Анальгин дәрісін және көп мөлшерде жылы сусын береді. Жарақатталған жерден жоғары жгут (егер мүмкін болса) салады.

28 Улану кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету

Газбен, оның ішінде иіс тиіп, табиғи газ, ацетилен, бензин буымен уланған кезде бас ауырады, «шеке солқылдайды», «құлақ шуылдайды»; жалпы әлсіздік, бас айналу, қатты жүрек соғуы, жүрек айну және құсу пайда буюлады. Қатты уланған кезде – ұйқышылдық, апатия, бейжайлық байқалса, ауыр улану кезінде – ретсіз іс-қимылмен қозғыштық, тыныс алу тежелуі немесе тоқтауы, қарашықтың үлкеюі байқалады.

Барлық уланулар кезінде зардап шегушіні дереу уланған аймақтан алып шығып, киімін шешіп, таза ауа келуін қамтамасыз етеді, аяғын көтеріп, жылы жабады, мүсәтір спиртін иіскетеді.

Зардап шегуші есінен танған кезде құсуы мүмкін, сондықтан оның басын жанына бұрып немесе ішімен жатқызады. Тынысы тоқтаған кезде дереу жасанды дем алдыруды жасайды.

Тағамнан улану белгілеріне жатады: тез әлсіреу, бас айналу, бас ауруы, қалтырау, іш ауруы, жүрек айнуы, диарея.

Улану кезінде жасау керек:

-әлсіз марганец қышқылы қосылған 3-4 стакан қайнаған су ішкізіп, құстыру, керек,

- көп мөлшерде сұйықтық ішкізу керек (шай, компот),

- төсекке жатқызып дәрігер келгенше қарап отыру керек.

Егер зардап шегуші есін білмесе, пульсі жоқ болса – реанимациялық шараларды жасау керек.

29 Химиялық күйік кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету

Алғашқы медициналық көмек – зардап шегушінің өмірі мен денсаулығын сақтау немесе қалпына келтіруге бағытталған медициналық емес қызметкердің (өзара көмек) немесе зардап шегушінің (өзіне көмек көрсету) атқаратын шаралар жиынтығы.

Химиялық күйік кезінде күйген жерді көп мөлшерде крандағы таза суық сумен жуу керек (15-20 минут).

Теріге күкірт қышқылы түскен кезде күйген жерді сумен жақсылап жуып, бейтарап ерітіндімен өңдейді. Тері қышқылды ерітіндімен күйген кезде ас содасы ерітіндісімен (1 шай қасық 1 стакан суға) таңғыш салады. Қышқыл көзге түссе оны көп мөлшердегі сумен шашыратып жуу керек, содан кейін ас содасы еретіндісімен (1 шай қасық 1 стакан суға) жуады.

Тері сілтімен күйген кезде бор қышқылы ерітіндісімен (1 шай қасық 1 стакан суға) немесе әлсіз уксус еретіндісімен (1 шай қасық 1 стакан суға) малма жасайды.

Егер көзге химиялық заттың қатты бөлшектері түссе, онда алдымен оларды сулы тампонмен алып тастау керек, себебі көзді жуған кезде олар шырышты қабатты жаралап, қосымша жарақат туғызады.

Қышқыл немесе сілті өңешке түскен кезде дереу дәрігер шақырту керек, ал ол келгенше ауыздағы сілекейді, шырышты тазалап, зардап шегушіні жатқызады, ішіне ауырсынуды басу үшін суық басады. Сүт, жұмыртқа ағын, өсімдік майын, кархмал ерітіндісін ішкізу жақсы әсер береді.

30 Сынық кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек көрсету

Алғашқы медициналық көмек – зардап шегушінің өмірі мен денсаулығын сақтау немесе қалпына келтіруге бағытталған медициналық емес қызметкердің (өзара көмек) немесе зардап шегушінің (өзіне көмек көрсету) атқаратын шаралар жиындығы.

Сынық, шығу, соғылу және басқа жарақаттар кезінде зардап шегуші жіті ауырсынуды сезінеді, зақымдалған дене мүшесін қозғаған кезде ауырсыну күшейеді.

Ашық сынық кезінде (қан кетуді тоқтатып, стерильді таңғыш салған соң) де, жабық сынық кезінде де алғашқы көмек көрсетудің ең басты кезеңі зақымдалған мүшеге тыныштық беру. Бұл ауырсынуды төмендетеді және сүйек сынықтарының ары қарай қозғалуын болдырмайды. Иммобилизация үшін дайын шинаны, сондай-ақ таяқ, тақтай, сызғыш, фанера бөлігі т.б. пайдаланады.

Жабық сынық кезінде зардап шегушінің киімін шешуге болмайды – шинаны оның сыртынан салу керек. Жарақат орнына «суық» басады(мұз, қар, суық сумен резеңке ыдыс), ол ауырсынуды басады.

31 Өрт, апат туындаған кездегі және оның зардаптарын жою кезіндегі басшылардың іс-әрекеті

Өрт шығу кезінде университет әкімшілігінің, кафедра, зертхана меңгерушісінің, оқу корпусы және жатақхана коменданттарының іс-әрекеті адамдарды және материалдық құндылықтарды тез әрі қауіпсіз жерге көшіруге бағытталуы тиіс. Өрт шыққан жерге келген басшы немесе кез-келген лауазымды адам ең алдымен атқаруға міндетті:



- өрт сөндіру қызметі шақырылғанын тексеруге,
- университет әкімшілігіне өрт туралы хабарлауға,
- өрт сөндіру қызметі келгенше өрт сөндіруге басшылық жасауға,
- өрт сөндіру қызметін қарсы алуға территорияны, су көздерін білетін адамды бөлуге,
- бөлмелерден немесе қауіпті аймақтан өрт сөндіруге қатысы жоқ барлық қызметкерлер мен студенттерді шығаруға,
- адамдар өміріне қауіп төнген жағдайда оларды құтқаруды ұйымдастыруға,
- қажет болса газқұтқару, медициналық және т.б. қызметтерді шақыруға,
- өрт сөндіруге қатысы жоқ барлық жұмыстарды тоқтатуға,
- өрт сөндіруге қатысуша адамдарды ток соғудан, уланудан, күюден, құрылыстың құлауынан қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Әрбір жазатайым оқиға туралы басшы (өрт қауіпсіздігіне жауапты адам) дереу тікелей басшыға хабарлауы тиіс (университет әкімшілігіне):

- зардап шеккендер туралы, оларға алғашқы көмек көрсету және медпунктке жеткізу туралы (медициналық мекемеге),
- өрт сөндіріп болған соң жазатайым оқиғаға, оның шығу себебіне алдын ала талдау жасауға және ары қарай бодырмау үшін шара қолдануға міндетті.

32 Жазатайым оқиға туындаған кездегі бөлімше басшыларының іс-әрекеті

Өндірісте жазатайым оқиға туындаған кезде (оқу процесі барысында) бөлімше басшы міндетті:

Өзірлеген қолы 	Келісілді қолы 	2015 жылғы «17» 01 - № 68 бұйрықпен бекітілді
---	---	--

-зардап шеккендерге дереу алғашқы көмек көрсетіп, қажет болса оны медициналық мекемеге жеткізуге,

- апаттық немесе басқа да төтенше жағдайдың алдын алу шараларын қабылдауы және басқа адамдарға жарақаттану факторларының әсерін болдырмауға,

- университет басшысына жазатайым оқиға, зардап шегушілер саны, олардың жағдайы, медициналық көмек көрсетілуі және жүргізілген шаралар туралы мәлімдеуге,

- жазатайым оқиғаны тексеруді бастауға дейін егер бұл басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмесе және апатқа, немесе төтенше жағдайға әкелмесе, оқиға орнын сол күйінде сақтауға, ал егер оны сақтау мүмкін болмаса – болған оқиғаны сол күйінде тіркеуге (үлгісін жасау, суретке немесе бейнетаспаға түсіру, басқа шаралар),

-жазатайым оқиғаны тексеруші комиссия жұмысына көмек көрсетуге міндетті.

Қосымша 1

**Еңбекті қорғауға жауапты адамның
МІНДЕТТЕРІ**

(зертхананы және басқа да бөлмелерді қауіпсіз жағдайда ұстау үшін)

1.Еңбекті қорғауға жауапты адамдар (қауіпсіз еңбекті ұйымдастырушы) жыл сайын университет бойынша бұйрықпен тағайындалады

- институтта – институтт директоры
- кафедрада – кафедра меңгерушісі

-департамент, басқарма, бөлім мен қызметтерде, бөлімшелерде – олардың басшылары. Аталған лауазымды адамдар еңбекті қорғау бойынша өз міндеттерін құрылымдық бөлімше туралы Ереженің баптарына сәйкес атқарады.

2.Басшының бұйрығы негізінде бөлімше басшысы өз өкімімен әр зертханада, шеберханада, кабинетте еңбекті қорғау бойынша жауапты адамдарды өзі тағайындайды, оған оқытушылар, УВП, осы бөлімшеде еңбек тәжірибесі бар мамандар кіреді.

3.Осы міндеттер еңбекті қорғау бойынша жауапты адамға таныстырылып, қолы қойылады. Еңбекті қорғау бойынша жауапты адамның өз міндетін атқаруына бақылауды оның тікелей басшысы жүргізеді.

4.Зертханада (шеберханада, басқа бөлмеде) сабақты (жұмысты) қауіпсіз өткізуге жауапты болып сабақтың (жұмыстың) жетекшісі табылады – сабақ өткізуші оқытушы, жұмыс жетекшісі.

5.Зертханада (шеберханада, басқа бөлмеде) еңбекті қорғау бойынша жауапты адамға жүктеледі:

- зертхананы (шеберхана, басқа бөлме) сабақ өткізуге қауіпсіз жағдайда ұстау (еңбекті қорғау бойынша білімін тексеруге дайындау Әдістемелік ұсыныстың талаптарына сәйкес),

-бақылау жасауға:

- жылу жүйесі, жарық беру, есік, терезе, стол, орындықтардың бүтіндігіне,

- өрт сөндіру және алғашқы көмек көрсету құралдарының бар-жоғына және жарамдылығына,

- еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтың болуына,

- пайдаланылатын жабдықтың, электр магистралінің, розетканың және басқа электржабдықтараның дұрыс жұмыс істеуіне,

- оқытушының сабақтан соң бөлмені өз қалпында қалдыруы жөніндегі Ішкі тәртіп ережесі талаптарын орындауына.

6.Еңбекті қорғау бойынша жауапты адам құқылы:

- кафедра меңгерушісіне еңбекті қорғау талаптарының кез-келген бұзылысы туралы дереу хабарлауға,



- оқушылар немесе қызметкерлердің еңбекті қорғау талаптарына қайшы келетін іс-әрекетіне тоқтау салуға,

- кафедра меңгерушісіне (бөлімше басшысына) еңбекті қорғау талаптарын ұдайы бұзатын жауапты адамды тәртіптік жазаға тарту туралы және бекітілген бөлменің жағдайын жақсарту туралы ұсыынстар жасауға.

7.Әкімшілік жауапкершілік:

- осы міндеттерге сәйкес бақылаудың болмауына,

- еңбекті қорғау талаптарының бұзылуы туралы болған фактілерді дер кезінде хабарламағаны үшін.

<p>Өзірлеген қолы </p>	<p>Келісілді қолы </p>	<p>2015 жылғы «18»-09-2015 -№ 68 бұйрықпен бекітілді</p>
---	---	--

Өзгертулерді тіркеу парағы

Өзгертудің реттік номері	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерту түрі (ауыстыру, жою)	Өзгеру енгізілді, күні	Тегі, аты-жөні, қолы, лауазымы